

**«ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЛАРЫН (PhD) НЫСАНАЛЫ
ДАЯРЛАУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – АЭЖБУ) философия докторларын (PhD) нысаналы даярлау қағидалары «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 – бабының 46-6) тармақшасына сәйкес әзірленді және PhD философия докторларын нысаналы даярлау тәртібін айқындайды (бұдан әрі-қағидалар).

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғым:

1) философия докторларын (PhD) нысаналы даярлау - мүдделі тараптардың келісімі негізінде жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау жөніндегі жоғары оқу орны мен ғылыми ұйымдардың тапсырысы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен немесе ақылы негізде жүзеге асырылатын шаралар жүйесі.

3. Философия докторларын (PhD) нысаналы даярлау докторларды (PhD) даярлауды жүргізетін жоғары оқу орындарында жүзеге асырылады.

4. Философия докторларын (PhD) нысаналы даярлау құқықтық қатынастарының субъектілері болып табылады:

1) білім беру саласындағы уәкілетті ұйым;

2) АЭЖБУ, докторларды (PhD) нысаналы даярлауды жүргізетін (бұдан әрі –ЖОО) - базасында философия докторларын (PhD) нысаналы даярлау жүзеге асырылатын ЖОО;

3) нысаналы даярлауға тапсырыс берушілер (бұдан әрі-Тапсырыс беруші) – философия докторларын (PhD) нысаналы даярлау жүргізілетін ЖОО немесе ғылыми ұйым;

4) Тапсырыс берушінің нысаналы өтінімі шеңберінде ЖОО - да нысаналы даярлау бойынша білім алушылар-философия докторанттары (PhD).

2 тарау. АЭЖБУ философия докторларын (PhD) нысаналы даярлау тәртібі

5. Философия докторларын (PhD) нысаналы даярлау АЭЖБУ-да мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен немесе ЖОО-ның немесе ғылыми ұйымның тапсырысы бойынша ақылы негізде жүзеге асырылады.

6. Тапсырыс берушілер жыл сайын білім беру саласындағы уәкілетті ұйымға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша философия докторларын (PhD) нысаналы даярлауға өтінім береді.

7. Тапсырыс беруші бөлінген нысаналы орынға философия докторларын (PhD) нысаналы даярлау шеңберінде түсу үшін бірнеше кандидатура ұсына алады.

8. Тапсырыс берушілерден философия докторларын (PhD) нысаналы даярлауға алынған өтінімдер негізінде білім беру саласындағы уәкілетті ұйым нысаналы даярлау шеңберінде ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларға жалпы қажеттілікті қалыптастырады.

9. Философия докторларын (PhD) нысаналы даярлау бойынша қабылдау АЭЖБУ-да жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске


асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Нысаналы даярлық шеңберінде философия докторларын (PhD) даярлауды жүргізетін АЭЖБУ қабылдау комиссиясына қабылдауға ұсынылған адамдар 25 тамызға дейін білім беру қызметтерін көрсету шартын жасасады.

11. Білім беру қызметтерін көрсету шартының нысаны Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес әзірленеді.

**Академиялық қызмет
жөніндегі проректор**

Келісілді:
Академиялық мәселелер
жөніндегі департаментінің
директоры



С. Байзакова

Философия докторларын (PhD) даярлауды жүргізетін АЭЖБУ философия докторларын (PhD) нысаналы даярлау қағидаларына 1-қосымша Нысан

Өтінім _____ (ЖОО -
ның/Тапсырыс беруші ғылыми ұйымның атауы) философия докторларын (PhD) нысаналы даярлауға

Код және бағыттар	Қажеттілік	Философия докторларын (PhD) нысаналы даярлайтын ЖОО атауы
Барлығы:		

Жетекшісі

ЖОО/ ғылыми ұйым - Т.А.Ө.